

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 31 шілдедегі N 1190

"Шетел инвестициялары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы

Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.

2. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық атқарушы органдар бұрын қабылданған шешімдерді жоғарыда көрсетілген заңға сәйкестікке келтірсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 31 шілдедегі
N 1190 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші
жойылған кейбір шешімдерінің
ТІЗБЕСІ

1. "ДАЭКО" акционерлік компаниясының импортталатын тауарларына кеден бажының ставкаларын және тиісінше 1995 жылдың 11 қаңтарына және 1 сәуіріне дейін қолданылған қосымша құн салығын салу тәртібін қолдану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 14 қыркүйектегі N 1264 қаулысы.
2. "Италавто" бірлескен кәсіпорнының қызметіне Қазақстан Республикасының

шетел инвестициялары туралы заңдарын қолдану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 2 ақпандағы N 143 қаулысы.

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 2 ақпандағы N 143 қаулысына өзгерту енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 шілдедегі N 945 қаулысы.

4. "Байқоңыр ЛТД" бірлескен кәсіпорнының қызметіне Қазақстан Республикасының шетел инвестициялары туралы заңдарын қолдану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 9 тамыздағы N 989 қаулысы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК